

“МЕНТАЛЬДЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС” (“АҚЫЛДЫ БАЛА” СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ ОРТАЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)

Илесбекова Жансая Әлханқызы

zhansaya_ilesbek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтік жұмыс мамандығының студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері - Г.Т.Сулейменова, Байгабылов Н.О.

Бүгінгі күні, біздің елімізде әлеуметтік мәселелер-үлкен маңызды шешімдерді талап ететін, бірлесіп күресудің маңыздылығын ашатын және зерттеу мен талдауды қажет ететін күрделі жағдайлар болып табылады. Қоғам оң шешімін табуы және әлеуметтік қолдауды талап ететін мәселелердің бірі-баланың он сегіз жасқа дейінгі даму кезеңінде болатын өзгерістер салдарынан туындайтын қиындықтар. Бала он сегіз жасқа дейін әртүрлі күрделі даму сатыларынан өтеді. Баланың дамуы кезінде кедергілер пайда болатын болса ерекше көмекті талап етеді. Әлеуметтік және медициналық көмекке жүгінетін отбасылардың басым бөлігі кәметке толмаған балалардың дамуындағы бұзылыстары бойынша мәселелерімен хабарлайды. Отбасындағы сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен балаларда болатын бұзылыстар әртүрлі болуы мүмкін.

Ментальды ерекшелігі бар бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға,жарақаттарға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған, әлеуметтік қорғауды талап ететін он сегіз жасқа дейінгі адам. Мүгедек балалардың ата-аналары көптеген әлеуметтік проблемалармен бетпе-бет келеді. Олардың ішінде әсіресе, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын білім мекемелерінің жетіспеушілігі күрделі мәселе болып тұр. Мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылардың көпшілігі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар. Олардың қоғамдық орындарға, мәдени іс-шараларға қатысуға мүмкіндіктері аз болуы мүмкін. Сондықтан әлеуметтік мәселесі мұң-мұқтажы бір ата-аналардың басын қосып, балаларын дамытуға жағдай жасайтын орталықтар жұмысының маңыздылығы аса жоғары. Нұр-Сұлтан қаласында мамандандырылған түзету білім, денсаулық ұйымдары бар. Тірек қимыл аппараты функцияларының бұзылуынан болатын церебралды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған еліміз бойынша жалғыз балабақша елордада ашылған. Өткен жылы балалардың 11 пайызы мүгедек болып туылған. Жыл өткен сайын сондай балалардың да саны артып келеді. Орта мектептерден оларға арнайы топтар да ашылып жатыр. Сондықтан мамандар әрқашан керек болады. Қоғамдағы мүгедектердің жағдайы, олар бастан өткеруге мәжбүр қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Алайда ересек мүгедектердің өз құқықтарын іске асыруына байланысты мүгедектік проблемалары жиі іске асырылып жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап, олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы проблемалар санының көптігіне қарамастан орын алуда. Бұл баланың адамзаттық ар ожданын кемсітетін , оның дамуға және тіпті өмір сүруге құқығын іске асыруына кедергі келтіретін әр түрлі кемсітуші көріністер болып табылады.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты –мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған әлеуметтік қызметтерді таныстыру мақсатында Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар балалардың жағдайына оңалту орталықтары негізінде талдау жасау. Мақала мүгедектігі бар балаларды интеграциялауды және олардың тең құқылылығын тұтастай түсінуге негізделген және сонымен қатар оларға ұсынылатын қолданыстағы әлеуметтік көмектер, заңнамалар, жүйелер мен ресурстар аясында әрі қарай жетілдіруді қажет ететін қызмет түрлерін

анықтауға тырысады. Қазақстанда балалардың 3% мүгедектігі және арнайы қажеттіліктері бар ретінде тіркелген.


Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Балалардың мектепке дейінгі сапалы тәрбие және оқыту мен толық қамтылуын, олардың мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бағдарламаларына теңдей қол жеткізуін және «инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруін» қамтамасыз ету көзделген. Қазіргі уақытта дамуында ақаулары бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетіп қолдау технологиялары жетілдірілуде. Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айырықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет-олардың әлеуметтік ақталуы мен биімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету. Қазақстанда ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңы қабылданды. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. XX ғасырдың басында неміс педагог-дефектологы П.Шуманның «Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мамандардың білім деңгейі жоғары болу керек» деген асыл сөзінен даму екенін ұғынамыз. Дамуында әр түрлі кемшіліктері бар балаларды арнайы оқытуға деген сұраныс, әсіресе олардың танымдық процестерін психологиялық жағынан зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс ерекшелігі, жеке тұлғаның әлеуметтік өзіндік танымға қабілеттілігі және оның бағытталуы, қызығушылығының қалыптасуы мен дамуы, оқыту іс-әрекетіндегі негізгі білімділік және біліктілік дағдыларын үйрену үшін жағдай жасау.

Орталықтардың хабарлауынша мүмкіндігі шектеулі балалардың көбеюіне алып келіп жатқан жағдайлар туралы айтар болсақ: ата-аналардың жұқпалы аурулары, ата-аналардың генетикалық сырқаттары, ата-анасының зиянды әдеттер, өңірдегі қолайсыз экологиялық ахуал, жүктіліктің өтуі мен босану кезіндегі асқину, анасының жүктілік кезіндегі экстрагенитальдық сырқаттары, жарақат және улану және бірқатар басқа да сыртқы себептер ықпалы салдарынан бас миының ісіктері және бас миының жұқпалы аурулары, баланың созылмалы аурулары, туа біткен ауытқу және деформация және хромосомалық бұзылулар. Елімізде оңалту орталықтарының қызмет көрсетуі тікелей осындай белгілерді қамтуы арқылы жүзеге асады. Елордада мүмкіншілігі шектеулі балаларға, әлеуметтік қызмет түрлерін ұсынып жатқан оңалту орталықтарының саны да артып келеді. Қазіргі уақытта жоғары дәрежеде көмек көрсетіп жатқан орталықтың бірі-бас қалада орналасқан “Ақылды бала” сөйлеу қабілетін қалпына келтіру және дамыту орталығы. Еліміздегі ментальды ерекшеліктері бар балаларға және олардың ата-аналарына көмек көрсетіп жатқан орталықтардың міндеті қандай болса аталмыш орталықтың да атқарар міндеті көп.

“Ақылды бала” орталығы соңғы жылдары ашылған аздаған мерзімнің ішінде осы салада біраз жетістекке жеткен мекеме. Бүгінгі күні орталықтың жұмыс істеу көлемі артқан, көптеген білікті мамандар ерекше балалардың дамуы үшін өз үлестерін қосып жатыр. Орталықтың қарқынды жұмыс жасауына, өзге мемлекеттердің Ресей, Израил, Қырғызстандағы осы сала бойынша арнайы оқытулар, мамандар біліктілігін арттыру курстарының өтілуі және оған орталық мамандарының қатысуы қосымша білім алулары нәтижесінде септігін тигізеді. 2021 жылы мамандар қашықтықтан оқу арқылы ментальды ерекшелігі бар балалармен әлеуметтік жұмыс жасаудың жаңа әдістерін меңгерді. Соның нәтижесінде, қазіргі уақытта орталықтағы нейропсихолог, әлеуметтік жұмыскерлер, педагог және психолог мамандары мен логопед-дефектологтар ерекше көмекті талап ететін балалардың ата-аналарына алғашқы кеңес беруді өткізген күннен бастап, баланы толықтай назарға алу арқылы зерттеу жұмыстарын бастай алу мүмкіндігін алып отыр. Орталық басшылары жас мамандардың біліктілігін арттыру үшін, елордадағы кең көлемді дамыған оңалту орталықтарының шет елдік тәжірибесі бар, жоғары білікті мамандарды шақырту арқылы арнайы оқытулар өткізіп тұрады. Ақпан айында “Аутизмі бар балалардың дамуына ерте араласудың әдіснамалық негізі және құрылым әлісімен оқыту бойынша топтық

сабақтарды ұйымдастыру” атты жоспарлы оқыту өткен болатын “Ақылды бала” орталығында ментальды ерекшелігі бар жеті жасқа дейінгі аутизмі бар балалар, психологиялық тежелісі бар, сөйлеу қабілетінің артта қалуы, коммуникативті дағдылары баяу дамып жатқан балалар мен олардың ата-аналары қызмет түрлерін ала алады. Орталықта осы күнге дейін 200-ге жуық бала диагностикадан өткен болатын.

Орталықтағы оңалту шараларынан өткен балалар саны:



1. Жеті жасқа дейінгі аутизмі бар балалар-55%;
2. Психологиялық тежелісі бар-20%;
3. Сөйлеу қабілетінің артта қалуы тән балалар-12,5%;
4. Коммуникативті дағдылары баяу дамып жатқан балалар-12,5%;

Жыл басынан бастап орталықта жаңа қызмет түрлері де енген болатын. Олар, ата-аналарға балаға диагностика жасалғаннан кейінгі қажетті баланың дұрыс дамуы немесе қабілеттерін қайта қалпына келтіру бойынша керекті, жуық арада алуы тиіс қызметтері туралы кеңес беруді өткізеді, балаға нақты қажетті қызмет түрлерін ұсынады: эрготерапиялық әдістермен жұмыс жасау, емдік және адаптивті дене шынықтыру, логомассаж, фит-бол, нейропсихологтың талдаулары, сенсорлық интеграция, сурдопедагогика, гидро және музыка-игротерпия, педагог-психологтар қызметі, дефектологтың бақылауы мен әлеуметтік жұмыскерлердің ата-аналармен кезеңдік нетворкингтер өткізуі орталықтың күнделікті және белгілі уақытында жүзеге асып отыратын қызметі болып табылады. Жақында осыған сәйкес, “Аутизмі бар балалармен жұмыс жасау кезінде сенсорлық интеграцияның теориясы мен практикасы және сенсорлық жүйелерге талдау жасау арқылы диагностика жасау” туралы төрт модульді оқыту өткізілді. Алдағы уақытта орталықтың мақсаты-ментальды ерекшелігі бар балалардың даму сатысына сәйкес қателіксіз жоспарға сәйкес көмек пен қызмет түрлерін үзбей, жоғары нәтижелі жұмыстар атқару. Әлеуметтік мәселесі бар ата-аналарға әрқашан қолдау көрсету, оң нәтижелерге жетуге бағыттайтын шараларды ұсыну. Бүгін және болашақта мүмкіндігінше орталықтың қарқынды жұмыс жасауы үшін, әлеуметтік жұмыстың яғни әлеуметтік қызмет көрсетілуінің базасын жетілдіру, тәжірибелі жетістікке жетуде мамандардың сүбелі үлес қосуы үшін, жас мамандарға барынша жоғары дәрежелі мүмкіндік жасауды айқындайды.

Ментальды ерекшелігі бар балалармен әлеуметтік жұмыстың қажеттілігі мынада: кемістігі бар балалар кең-профильді әлеуметтік қызмет көрсетуді қажет ететіндіктен әлеуметтік жұмыстың басқа салалармен тығыз байланысты болуы, қызмет түрлері мен көмектің толыққанды жүзеге асуы үшін барлық ресурстарды қамтуында болып табылады. Атап айтар болсақ, әлеуметтік жұмыс медицинамен, әлеуметтік психология, педагогика және экономикамен қоса байланысты қызмет түрлері дамып отырады. Ментальды ерекшелігі бар балалармен әлеуметтік жұмыс жасау кезінде, әлеуметтік медицина мен психологияның алатын маңызы үлкен. Себебі, қазіргі уақытта әлеуметтік жұмыстың басты объектісі ол отбасы болып табылатындықтан, әр отбасындағы он сегіз жасқа дейінгі баланың, психоневрологиялық дамуы, толыққанды көмектерді алуы мен салауатты ортада өсуі және қажеттіліктерінің қамтасыз етілу мүмкіндігін талдау, жағдай жасау, әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлердің субъективті міндеті болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://bala.stat.gov.kz/kz/category/sotsialnaya-zaschita-detej/>
2. <https://bilim-all.kz/article/13074-Mumkindigi-shekteuli-balalardy-zhalpyga-bilim-beretin-ortaga-qarai-beimdeu>
3. <https://informburo.kz/kaz/mgedek-balalardy-zhrdemaysy-sed-olara-end-ansha-asha-ashatlened.html>

4.«Мүгедектігі бар балалардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту», - Астана, 2014, – 108 б.

УДК 316.334.2

ПЛАСТИКОВАЯ КАРТА КАК ФИНАНСОВЫЙ ИНСТРУМЕНТ В ЭКОНОМИЧЕСКОЙ СОЦИОЛОГИИ

Исабаева Шынар Суиндиқовна, Асахаева Асем Ерғалиқызы

chinara_isabaeva@mail.ru

Студентка факультета социальных наук ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан,
Казахстан

Старший преподаватель кафедры социологии, факультета социальных наук
ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан, Казахстан

Современная экономика использует широкий спектр платежных средств. В настоящее время наиболее широко используемыми платежными инструментами являются валюта, дебетовые, бонусные и кредитные карты. В условиях развития цифровой эпохи среди новых платежных финансовых инструментов ведущую роль играет банковская пластиковая карта. Банковская пластиковая карта - платежная система призвана объединить сильные стороны старых систем при одновременном снижении затрат на обработку. Как и валюта, банковские пластиковые карты с электронными деньгами обладают покупательной способностью. В Казахстане в развитие банковских пластиковых карт было положено общемировым развитием безналичным расчетов. Благодаря банковским картам образовывается целостная глобальная расчетная сеть, позволяющая обеспечить обслуживание большого количества постоянных платежей населения страны и в будущем приведет к значительному сокращению наличных операций и качественному переходу структуры финансовых рычагов. Цель данной статьи состоит в том, чтобы теоретически показать степень использования банковских пластиковых карточек как финансового инструмента в современных рыночных условиях.

Среди зарубежных исследователей рассматривающий в своих трудах проблемы и перспективы пластиковых банковских карт: Santosh K. Misra., Javalgi, Rajshekhar G., Robert F. Scherer., FR Sumi., AB Safiullah., U Arora., K Dhanda., S Patil., B Mukaria., K Neelavathi., R Chavali., U Rao., L Romanenko., N Volkova., K Gogolyeva., S Tamilselvi., V Karpagavalli. T.V Zaitseva., G.A Buryakov.

В научной работе российских авторов представлены работы по данной проблематике в трудах Аликперова Н.В., Иванова Е.В., Варламова Т.П. Журавлева В.Г., Езепчук Л.А. Ивлева Г.И., Завъяюва Л.В., Родина Т.Е., Ермакова Л.В., Гудкова О.В и другие.

В Казахстане данная проблематика исследования малоизучена имеются общие сведения о использовании банковских пластиковых карт информация доступна по официальным сайтам банка первого и второго уровнях.

Так, к примеру, за 2018 год в Казахстане выявлено, что количество банковских карточек, используемых казахстанцами, составило за 10 млн. Самые активные пользователи «пластика» — жители Алматы: доля мегаполиса за год выросла с 27% до 37%. [1] За последние пять лет объем безналичных операций населения вырос в 26 раз. По результатам Нацбанка, в среднем за день казахстанцами проводится 15,8 млн операций на сумму 180,1